КП 01	<p>карьерлердегі) қауіпсіздіктің жалпы Ережелері. Геологиялық құрылым, кенорындарының гидрогеологиялық жағдайлары және геологиялық жұмыстар. Маркшейдерлік жұмыстар, маркшейдерлік түсірілімді және нивелирлеуді орындаудың негізгі әдістері мен тәртібі. Тіліктердегі (карьерлердегі) қазып алу-тиеу жұмыстары. Орларды үңгілеу тәсілдері. Тіліктердің (карьерлердің) кен жұмыстары жоспарлары. Пайдалы қазбалар кенорындарын ашық қазу жүйелері. Орларды үңгілеу кезіндегі бұрғыжарылыс жұмыстары.</p>	<p>- тау-кен қазбалары бойымен қозғалу; - электр тұтынушыларды қосу және ажырату.</p> <p>Дағдылар:</p> <p>- локомотивтер (электровоздар, турбовоздар, гировоздар, вагондар) типтерін айыра білу; - қайта тиесу орындарының конвейерлік тізбектерінде жұмыс істеу; - шахталық тұрақты жабдықтарды іске қосу және тоқтату; - тау-кен кәсіпорнында электр қуатын тарату схемасын пайдалану; - тау-кен кәсіпорнында жөндеу қызметтерін ұйымдастыру.</p>	<p>БҚ 5 - БҚ 8, КҚ2.3.3, КҚ 2.5.5, КҚ 2.6.6, КҚ 2.7.4, КҚ 2.8.2, КҚ 2.10.5, КҚ 2.17.4</p>
-------	--	--	---

0706000 – "Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары

Пәндер циклдері және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (орта буын маманы)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер және дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП 01	<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Қазақ (орыс) тілінің синтаксисі. Мамандық бойынша терминология. Кәсіптік бағытталған мәтіндерді аудару техникасы (сөздік</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- іскерлік қазақ (орыс) тілі негіздерін; - кәсіптік лексиканы; - мамандық бойынша грамматикалық материалды.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- кәсіптік бағыттағы мәтіндерді оқу және аудару (сөздік көмегімен);</p>	<p>БҚ 1 - БҚ 4</p>

	көмегімен). Кәсіптік қарым-қатынас. Тілді дамыту.	- оқылатын мәтінді талдау; - монологиялық және диалогиялық тілді жүргізу.	
ЖГП 02	Кәсіптік шетел тілі. Кәсіптік қарым-қатынас үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материал. Тіл қызметінің әр түрлі түрлері және тіл формалары (ауызша, жазбаша, монолог пен диалог түрінде). Кәсіптік бағытталған мәтіндерді аудару техникасы.	Білімдер: - кәсіптік қарым-қатынас үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды. Іскерліктер: - кәсіптік бағыттағы мәтіндерді оқу және аудару (сөздік көмегімен).	БҚ 1 - БҚ 4
ЖГП 03	Қазақстан тарихы.		
ЖГП 04	Дене тәрбиесі. Маманды дайындаудағы дене тәрбиесінің ролі. Дене тәрбиесінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері. Дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері.	Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздерін; - дене тәрбиесінің мазмұны мен ұйымдастырылу формаларын; - дұрыс тамақтану принциптерін; Іскерліктер: - әр түрлі дене тәрбиесі жаттығуларын орындау және спорттың жеке түрлері бойынша нормативтерді тапсыру.	БҚ 1, БҚ 8
ӘЭП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
	Мәдениеттану. Мәдениеттану және оның қоғам өміріндегі ролі. Мәдениеттің құрылуы. Мәдениет және өркениет. Конфуций және Дао	Білімдер: -конфуциандылықты, даосизмді, ежелгі Қытай өнерін; - Ежелгі Үнді мәдениетінің ерекшеліктерін және оның басты жетістіктерін; - ислам пайда болуын, оның ерекшеліктерін; - христиан білімінің негізгі принциптерін және оның құнды бағыттарын;	

<p>ӘӘП 01</p>	<p>мәдениетінің түрі. Мәдениеттің Үнді-буддалық түрі. Ислам мәдениетінің әлемі. Мәдениеттің христиандық түрі. Батыс Еуропа мәдениеті және оның қазіргі кезеңдегі дүние жүзінің дамуына ықпалы. Африка мәдениетінің ерекшеліктері мен бірегейлігі. Көшпенділік өркениетінің ерекшеліктері мен бірегейлігі. Орта ғасыр дәуіріндегі Қазақстан мәдениеті. XVII-XIX ғасырлардағы қазақтардың мәдени дәстүрлері. XX-ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. Қазіргі замандағы мәдениет.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ашель мәдениетінің ерекшеліктері - әдебиетінің дамуы, философиясы; - көшпенділердің өмірі және құндылық жүйесі туралы; - орта ғасырдағы қазақ этнасының мәдени негізі туралы; - Қазақстанның орта ғасырдағы мәдениетіне түрк және араб мәдениетінің ықпалы туралы; - білім, ғылым және мәдениет дамуының негізгі кезеңдері мен материалдық негіздерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ежелгі Азия мәдениетінің ерекшеліктерін аша білу; - мәдениеттану ұғымдарын еркін қолдану ; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін, оның қоғамдық мәдениеттегі орнын көрсете білу. 	<p>БҚ 1 - БҚ 4 КҚ 3.20.8</p>
<p>ӘӘП 02</p>	<p>Философия негіздері. Философия, пән, функциялар. Материализм және идеализм – философияның негізгі мәселесі. Әлемдік философиялық ойдың негізгі белгілері. Адам табиғаты және оның тіршілік ету мәні: адам және Құдай, адам және ғарыш. Адам, қоғам, өркениет, мәдениет. Тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігі. Құндылықтардың акмеологиясы және табиғаты. Адами таным және қызметі. Ғылым және оның ролі.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлемнің философиялық, діни және ғылыми көрінісін, адамның тіршілік ету мәнін; - ғылымның және ғылыми таным ролі, оның құрылымдары, түрлері және әдістері, әлеуметтік және этикалық мәселелері туралы түсінігін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - адамның тәртібіндегі саналы және санасыз мінез-құлығын, санасының мәнін анықтай алу. 	

	Ғаламдық мәселелер алдындағы адамзат.		БҚ 1 - БҚ 4 КҚ 3.20.8
ӘЭП 03	<p>Саясаттану және әлеуметтану негіздері. Саясаттану пәні саяси үкімет және билік қарым-қатынастары. Мемлекет – саяси жүйенің басты институты . Саяси жүйе және саяси тәртіп, саяси партия және қоғамдық ұйымдар. Көппартиялық. Сыртқы және ішкі саясат. Қазақстандағы билікті ұйымдастыру. Әлеуметтану ғылым ретінде . Әлеуметтанудағы кластық және стратификациялық көзқарастар. Тұлға ролі және оның әлеуметтік мінез-құлқы.</p>	<p>Білімдер: - саяси жүйе мен саяси тәртіп туралы ұғымдарды ; - биліктің бөліну принциптерін; - қоғамдық ұйымдардан саяси партиялардың айырмашылық ерекшеліктерін; - әлеуметтік құрылым, әлеуметтік қарым-қатынас туралы түсінігін. Іскерліктер: - үкімет маңыздылығын, саясат субъектлерін, саяси қарым-қатынас және процестерді (Қазақстанда және тұтас дүние жүзінде) аша білу; - қоғам мен тұлғаның дамуы және қызмет етуінің заңдылықтарын айыру.</p>	БҚ 1 - БҚ 4 КҚ 3.20.8
ӘЭП 04	<p>Экономика негіздері. Мақсаттары, басты ұғымдары, қызметтері, мәні, принциптері. Меншік формалары мен түрлері, меншікті басқару . Жоспарлар түрі, олардың басты кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлануы. Жоспарларды экономикалық негіздеу әдістері және болжамдарды әзірлеу. Бизнес- жоспарлау. Экономикалық талдау. Халық тұтынымы тауарларын және қызметінің нарықтық жағдайларын талдау. Нарықтық инфрақұрылым.</p>	<p>Білімдер: - экономикалық теорияның жалпы жағдайын; - еліміздегі және шет елдердегі экономикалық жағдайларды; - макро және микроэкономикалық, салық, ақша-несие, әлеуметтік және инвестициялық саясат негіздерін. Іскерліктер: - өз кәсіби қызметінде бағыт алу үшін қажет экономикалық ақпараттарды табу және пайдалану.</p>	БҚ 1 - БҚ 4 КҚ 3.20.4
	<p>Құқық негіздері. Құқық – ұғым, жүйе, көздері. Құқықтың ежелгі</p>	<p>Білімдер: - азаматтың құқықтарын және міндеттерін, оларды</p>	

<p>ӘЭП 05</p>	<p>, орта ғасырдағы, Жаңа замандағы дамуы. Құқықтың Қазақстандағы даму тарихы. ҚР Конституциясы – мемлекеттің басты заңы, құқықтық жүйенің өзегі. Адам құқығының жалпыға ортақ Декларациясы – халықаралық саяси құжат . Құқықтық мемлекет – заң үстемділігі және азаматтық қоғам. Құқықтың басты салалары. ҚР сот жүйесі. Құқық қорғау органдары.</p>	<p>іске асыру механизмдерін ; - Конституция мәні, биліктің бөліну принциптерін, парламент және үкімет қызметін; - құқықтың субъектілері мен объектілерін; - құқық бұзу және қылмысты. Іскерліктер: - өз кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалана білу.</p>	<p>БҚ 1 - БҚ 4 КҚ 3.20.8</p>
<p>ЖКП 00</p>	<p>Жалпы кәсіптік пәндер</p>		
<p>ЖКП 01</p>	<p>Сызу. Сызбаларды рәсімдеу ережелері. Сызбалардағы геометриялық құрылулар. Сызбалардағы проекциялық көріністер. Сызба және бөлшектің изометриялық проекциясы. Геометриялық фигуралардың жаймалары. Сызбалардағы көріністердің орналасуы. Қималар мен тіліктер. Тік бұрышты және аксонометриялық осьтердегі түрлерінің, қималар мен тіліктерінің қажетті және жеткілікті сандарын қолдана отырып, бөлшектер сызбасын орындау. Машинажасау сызбасы. Қарапайым машинажасау сызбаларын оқу. Алмалы-салмалы қосылымдар. Алынбайтын-салынбайтын қосылымдар. Құрастыру сызбасы, жұмыс сызбасы, бөлшек эскизі, бөлшектің техникалық суреті,</p>	<p>Білімдер: - сызбаларды рәсімдеу ережелерін; - сызбалардағы көріністердің орналасуын ; - сызбалардағы проекциялық көріністерді ; - қималарды және тіліктерді; - алмалы-салмалы және алынбайтын-салынбайтын қосылымдарды. Іскерліктер: - электрмеханикалық жабдықтарға қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жұмыстарды орындауға арналған қарапайым сызбаларды оқу; - машиналар мен механизмдерге арналған тетіктерді және қосалқы бөлшектерді дайындау мақсатында эскиздер мен техникалық суреттерді орындау.</p>	<p>БҚ 1 - БҚ 8, КҚ 3.20.5, КҚ 3.20.6</p>

	құрастыру сызбасы бойынша бөлшектеу.		
ЖКП 02	<p>Техникалық механика негіздері.</p> <p>Механизмдер мен машиналар жіктеуі. Механизмдер бөліктері. Механизмдер кинематикасы (механизм және машина, кинематикалық жұптар және тізбектер, кинематикалық жұптар типтері). Бөлшектер мен жиналмалы бірліктер. Жіктелуі, арналуы және оларға қойылатын талаптар. Бөлшектерді қосу түрлері (алмалы-салмалы және алынбайтын-салынбайтын). Айналу қозғалысының беріліс механизмдері. Айналу қозғалысы берілісінің түрлері (механикалық, белдікті, фрикционды, тісті, тізбекті, бұрамалы). Арналуы, сипаты, құрылымы, белгіленуі және кинематикалық схемасы. Беріліс саны. Абсолюттік қатты дене. Деформацияның негізгі түрлері және олардағы кернеулерді бөлу. Сыртқы күштер және олардың түрлері. Серпімділік пен кернеудің ішкі күштері. Істегі, шекті қауіпті және шекті жол берілген кернеулер.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - машиналар мен механизмдер жіктеуін; - бөлшектерді байланыстыру түрлерін; - айналу қозғалысының беріліс түрлерін; - деформацияның негізгі түрлерін; - шекті қауіпті және шекті жол берілген кернеулерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бөлшектер мен жиналмалы бірліктерді айыра білу; - беріліс сандарын анықтау; - серпімділік пен кернеудің ішкі және сыртқы күштерін айыра білу. 	<p>БҚ 1 - БҚ 8, КҚ 3.20.3, КҚ 3.20.4</p>
	<p>Электртехника электроника негіздерімен</p> <p>Электрлік және магнитті тізбектер. Ауыспалы тоқтың электрлік тізбектері. Электрлік құрылғылар. Электрөлшеуіш аспаптар.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электрлік және магниттік тізбектерін; - ауыспалы тоқтың электрлік тізбектерін; - электрлік құрылғыларын; - электр қуатының өндірілуін, таралуын және қолданылуын; 	

ЖКП 03	<p>Электронды аспаптар мен құрылғылар. Трансформаторлар. Электрлік машиналар мен аппараттар. Электрқуатын өндіру, тарату және қолдану. Электр станциялары, желілері және электрқуатымен қамтамасыз ету. Электржетек негіздері.</p>	<p>- электржетекті және электравтоматиканы. Іскерліктер: - электржабдықтары мен автоматика құралдарын жөндеуге арналған электр схемаларын оқу; - электржабдықтары мен автоматика құралдарына қызмет көрсету және жөндеу барысында электрөлшеуіш аспаптарын пайдалану.</p>	БҚ 1 - БҚ 8, КҚ 3.20.3, КҚ 3.20.6
ЖКП 04	<p>Өндірісті ақпараттандыру және автоматтандыру негіздері. Ақпаратты кодтау. Сандық жүйелер. Бір жүйеден екінші жүйеге ауысу. Екілік арифметика. . Формалды, математикалық логика. Модель түсінігі. Модельдер типтері. Алгоритм түсінігі. Алгоритмдер типтері. Бағдарламалау тілі. Бағдарлама, оны құрылымдау. Автоматты реттеу. Реттелетін параметр. Реттеу объектісі, оның қасиеттері, схемалары. Автоматты реттеуіштер, олардың жіктелуі, арналуы, құрылымы, жұмыс істеу принципі, функциялық және құрылымдық схемалары, реттеу органдары. Басқарудың автоматты жүйелерінің қосымша құралдары. Процесті автоматты түрде басқарудан қолмен басқаруға және кері келтіруге көшу тәртібі.</p>	<p>Білімдер: - ОС WINDOWS түрлерін; ; - WORD мәтіндік редакторын; - EXCEL электронды кестелерін; - Corel DRAW векторлық редакторын; - вирустардан қорғануын; - WinZip архиваторын; - ОС DOS; - Norton Commander сыртқабықша бағдарламасын; - бағдарламалық тілдерін; - автоматты реттеу негіздерін; - автоматты реттегіштердің жұмыс істеу принциптерін, функциялық және құрылымдық схемаларын. Іскерліктер: - жұмыста және күнделікті өмірде дербес компьютерді қолдану; - автоматты түрде басқарудан қолмен басқаруға және кері келтіруге көшіруді жүзеге асыру.</p>	БҚ 1-БҚ 8, КҚ 3.20.7
	<p>Геология негіздері. Жер және ғарыш. Экзогенді және эндогенді геологиялық процестер. Минералогия, петрография және</p>	<p>Білімдер: - Жер мен Күн жүйесі құрылымдарын; - минералдар мен тау-кен жыныстарының пайда</p>	

ЖКП 05	<p>кристаллография. Минералдардың негізгі қасиеттері. Пайдалы қазбалар кенорындары. Кенорындарының генезисі, іздеу және барлау әдістері. Геологиялық барлау жұмыстары, гидрогеология.</p>	<p>болу процестерін және олардың қасиеттерін; - геологиялық барлау жұмыстарының тәсілдерін. Іскерліктер: - бос тау-кен жыныстарынан пайдалы қазбаларды айыра білу.</p>	БҚ 1- БҚ 8, КҚ 3.20.3 - КҚ 3.20.5
ЖКП 06	<p>Геодезия және маркшейдер ісі негіздері. Геодезия. Координаттар жүйелері. Бұрыштарды, арақашықтықтар мен артықтықтарды өлшеу, геодезиялық аспаптар. Геодезиялық тармақтар. Топографиялық түсірілімдер. Маркшейдерлік іс. Жерастылық теодолитті түсірілім. Қималы және т а з а р т ы м қазбаларындағы түсірілім жұмыстары. Тік түсірілімдер. Маркшейдерлік құжаттама. Тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді маркшейдерлік бақылау.</p>	<p>Білімдер: - координаттар жүйелерін ; - бұрыштарды, арақашықтықтар мен артықтықтарды өлшеу тәртібін; - геодезиялық және маркшейдерлік аспаптарды; - маркшейдерлік түсірілімдер түрлерін. Іскерліктер: - маркшейдерлік схемалар мен тау-кен жұмыстарының пландарын оқу; - жұмыстарды дұрыс және қауіпсіз жүргізуді бақылаудың маркшейдерлік құралдарын қолдану.</p>	БҚ 1- БҚ 8, КҚ 3.20.4 - КҚ 3.20.6
ЖКП 07	<p>Еңбекті қорғау. Тау-кен жұмыстарын жүргізу барысындағы қауіпсіздік шаралары. Өнеркәсіп санитариясы. Өндірістік қауіптіліктер мен зияндылықтар. Өрт профилактикасы және кеншіқұтқарушы ісі негіздері.</p>	<p>Білімдер: - карьерлердегі (тіліктердегі) мінез-құлық ережелерін; - қосалқы шығатын жерлерді; - тау-кен қазбаларындағы газ режимін. Іскерліктер: - еңбекті қорғау ережелерін ұстану; - өзін құтқару және өрт сөндіру құралдарын пайдалану; - қауіпті және зиянды факторларды айыра білу.</p>	БҚ 1 - БҚ 8, КҚ 3.20. 8, КҚ 3.20. 9
АП 00	Арнайы пәндер		
	Кен ісі.	Білімдер:	

<p>АП 01</p>	<p>Ашық тау-кен өндірісінің технологиялық процестері. Аршу және қазу жұмыстары. Экскаваторларды (бір шөмішті, көп шөмішті) қолданудағы қазып алу-тиеу жұмыстары. Орлар және оларды өткізу тәсілдері. Кенорындарын ашық қазу жүйелері және олардың элементтері. Үйінділеу жұмыстарының технологиясы. Теспелер мен ұңғымаларды бұрғылау тәсілдері. Карьерлердің (тіліктердің) өндірістік қалыңдығы, тереңдігі және техникалық шекаралары. Ашық тау-кен кәсіпорындарын жобалау негіздері.</p>	<p>- ашық тау-кен өндірісінің технологиялық процестерін; - ашық тау-кен жұмыстарында қолданылатын экскаваторлар мен бұрғылау қондырғыларының типтерін; - үйінділеу жұмыстарын жүргізу технологияларын; - аршу схемаларын және кенорындарын ашық қазу жүйелерін. Іскерліктер: - ашық тәсілмен пайдалы қазбаларды өндіру барысында технологиялық процестерге құжаттама жасау.</p>	<p>БҚ 1- БҚ 4, БҚ 6, КҚ 3.20. 1, КҚ 3.20. 2, КҚ 3.20. 4, КҚ 3.20. 6</p>
<p>АП 02</p>	<p>Жару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі. Жарылыс теориясының негіздері және жарылғыш заттардың қасиеттері. Зарядтарды жару құралдары және тәсілдері. Жарылғыш материалдарды сақтау, тасымалдау және жою. Жару жұмыстарының әдістері. Бұрғыжарылыс жұмыстарының төлқұжаты. Карьерлердегі (тіліктердегі) жару жұмыстарының ерекшеліктері. ЖЗ зарядтарын бір-бірлеп немесе қатарынан бірнешеуін жару арқылы кен жыныстарын қопару процесі. Бұрғыжарылыс жұмыстарын ұйымдастыру. Жару жұмыстарын</p>	<p>Білімдер: - жарылғыш заттар мен инициирлеу құралдарын; - жарылғыш материалдарын есепке алу, сақтау, тасымалдау және жою ережелерін; - бұрғыжарылыс жұмыстарын жүргізу төлқұжатын; - бұрғыжарылыс жұмыстарын жүргізу барысындағы қауіпсіздік шараларын; - жару жұмыстарын жүргізу барысындағы сигналдарды. Іскерліктер: - жару жұмыстарының жүргізілуіне жетекшілік ету; - бұрғыжарылыс жұмыстарын жүргізуге төлқұжат жасау; - бұрғыжарылыс жұмыстарын жүргізу</p>	<p>БҚ 5- БҚ 8, КҚ 3.20. 1, КҚ 3.20. 2, КҚ 3.20. 5,</p>

	механизациялау. Жарушының жұмысын ұйымдастыру.	барысында қауіпсіздік ережелерін ұстану.	КҚ 3.20. 6, КҚ 3.20. 8
АП 03	Кен механикасы. Турбомашиналар теориясының негіздері. Желдеткіш, сутөкпе, компрессорлық және көтергі қондырғылары, олардың түрлері, конструкциялары, жұмыс істеу принципі. Олардың өнімділігін реттеу, оларды пайдалану.	Білімдер: - гидравликаның негізгі заңдарын; - желдеткіштер, сорғылар, компрессорлар, калориферлер, көтергі машиналарының типтерін. Іскерліктер: - ашық жұмыстарға арналған тұрақты тау-кен машиналарының бір түрін басқару.	БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 3, КҚ 3.20. 7, КҚ 3.20. 9
АП 04	Карьерлік көлік. Көлік машиналары теориясының негіздері. Карьерлік көлік түрлері. Рельс және автокөлік жолдарының құрылымы. Дірілді, тақташа, ысырма, таспалы және арнайы конвейерлер. Карьерлік вагондар және локомотивтер. Технологиялық кешен. Карьерлік көлік жұмысын ұйымдастыру. Ысырма көлігі. Үйінділер мен қоймалардағы көлік.	Білімдер: - карьерлік көлік түрлерін; - автокөлік пен рельстік жолдардың түрлерін. Іскерліктер: - электровоздар мен тепловоздар жұмыстарын басқару; - конвейерлердің барлық түрлеріне монтаждау, бөлшектеу, қызмет көрсету және жөндеуді жүргізу; - автокөлік жолдарын салу және рельстік жолдарды төсеу кезінде қосалқы жабдықтарды басқару, монтаждау мен бөлшектеу, оларға қызмет көрсету және жөндеу.	БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 3, КҚ 3.20. 7, КҚ 3.20. 9
АП 05	Кен кәсіпорындарындағы электр жабдықтарымен электр қуатын жеткізу. Кен электр жабдықтарын пайдалану және конструкциялық орындау ерекшеліктері. 1140 В дейін және одан жоғары кернеудің басқару және қорғаныш электр аппаратурасы. Кен кәсіпорындарының электр қуатымен жабдықталуы. Кен	Білімдер: - электр жабдықтарының конструкциялық орындалу түрлерін; - электр ішек сымдарын және сым тізбектерін өткізу ережелерін; - карьерлерді (тіліктерді) жарықтандыру параметрлерін; - қорғаныш құрылғыларын тексеру тәсілдерін. Іскерліктер:	БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 1 - КҚ 3.20. 3,

	<p>кәсіпорындарының электр желілері. Электр қондырғыларының қорғанышы. Карьерлерді (тіліктерді) жарықтандыру. Кеніштегі белгі беру мен байланыс. Электр тоғына түсуден қорғану.</p>	<p>- қорғаныш құрылғылардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру; - карьерлерде (тіліктерде) ішек сымдар мен сым тізбектерін өткізу; - электр жабдықтарын пайдалану.</p>	<p>КҚ 3.20. 6, КҚ 3.20. 9</p>
АП 06	<p>Кен машиналары мен кешендері. Гидро- және пневможетек негіздері. Уатқыш балғалар мен бұрғылау машиналары. Аршу және өндіру жұмыстарына арналған жабдықтар мен кешендер, құрылғы және техникалық сипаттамалар. Бұрғылау қондырғылары, жұмыс істеу принципі және қолданылу аумағы. Қазып алу-тиеу және тасымалдау машиналары, кешендер. Ашық тау-кен жұмыстарына арналған қосалқы жабдықтар, құрылымы, арналуы және қолданылу аумақтары. Тау-кен өнеркәсібінде қолданылатын машиналар мен механизмдер конструкцияларының ерекшеліктері.</p>	<p>Білімдер: - уатқыш балғалар, бұрғылау құрал-саймандары мен бұрғылау машиналарының құрылымын, арналуын; - аршу және өндіру жұмыстарына арналған машиналар мен механизмдердің қызмет ету принциптерін, қолданылу аумағын; - тау-кен машиналары мен механизмдерін қауіпсіз пайдалану ережелерін; - ашық тау-кен жұмыстарына арналған қосалқы жабдықтардың арналуын және құрылымын. Іскерліктер: - тау-кен техникасын дұрыс және қауіпсіз пайдалану; - тау-кен машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу.</p>	<p>БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 1 - КҚ 3.20. 3, КҚ 3.20. 6, КҚ 3.20. 9</p>
АП 07	<p>Инженерлік геология, гидрогеология және кенорындарын кептіру. Гидрогеология. Инженерлік геология. Пайдалы қазбалар кенорындарын кептіру. Тау-кен кәсіпорындарының құрылысы барысындағы гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық зерттеулер. Ашық тау-кен жұмыстары</p>	<p>Білімдер: - пайдалы қазбалар кенорындарының суландырылу жағдайларын; - кептіру тәсілдерін және судың келуімен күресу әдістерін. Іскерліктер: - тау-кен жұмыстарын жүргізу орындарында</p>	<p>БҚ 5 - БҚ 8,</p>

	барысында геологиялық органы қорғау.	карьердегі (тіліктегі) судың сағаттық, тәуліктік келімін анықтау.	КҚ 3.20. 4 - КҚ 3.20. 7
АП 08	<p>Өндіріс процестерін автоматтандыру. Автоматика мен телемеханиканың негізгі түсініктері. Сандық техника элементтері. Автоматтандырудың техникалық құралдары. Тау-кен машиналарын, шахта көліктерін және жылжымайтын қондырғыларды автоматтандыру. Технологиялық процестерді автоматтандыру. Тау-кен жабдықтары мен технологиялық процестерді автоматтандырудағы даму бағытының болашағы.</p>	<p>Білімдер: - тау-кен өндірісінің автоматикасы мен телемеханикасы негіздерін; - басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру принциптерін. Іскерліктер: - тау-кен жабдықтарын автоматтандыру схемаларын оқу; - тау-кен автоматикасының негізгі элементтерін, оның ішінде түйіспесіз және микропроцессорлы құрылғыларын танып білу.</p>	БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 3, КҚ 3.20. 7
АП 09	<p>Қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану. Зақымдану және кәсіби аурулар. Ауырлық дәрежесі мен зардап шеккендер саны бойынша жазатайым оқиғалар жіктелуі. Өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын құру. Кәсіпорындағы еңбекті қорғаудың басқару жүйесі. Өндірістегі және тұрмыстағы жазатайым оқиғаларды тергеу тәртібі. Тау-кен жұмыстарын жүргізу барысындағы қауіпсіздік шаралары. Өндірістік қауіптіліктер мен зияндылықтар. Зардап шегушілерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету. Қоршаған</p>	<p>Білімдер: - еңбек заңнамасы, қоршаған ортаны қорғау, өртке қарсы профилактикасы мен кен құтқару ісі негіздерін; - зақымдану мен кәсіби аурулар жіктелуін; - тау-кен жұмыстарын жүргізу барысындағы қауіпсіздік техникасын; - өндіріс қауіптіліктері мен зияндылықтарын. Іскерліктер: - қауіпсіздік Ережелерінің талаптарын ұстану; - зиянды және улы газдарды өлшеу; - жазатайым оқиға болған жерді тергеу мақсатында ешкімнің бас сұқпауын қамтамасыз ету; - жарақаттанған адамға алғашқы көмек көрсету.</p>	БҚ 5-БҚ 8, КҚ 3.20. 6,

	ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану.		КҚ 3.20. 8, КҚ 3.20. 9
АП 10	<p>Сала экономикасы. Сала және нарықтық экономика. Саланың материалдық, еңбек және қаржы ресурстары. Саланы басқару, дамудың экономикалық көрсеткіштері. Кәсіпорын – шаруашылық субъектісі ретінде. Кәсіпорын ұйымдарының формалары, олардың өндірістік және ұйымдық құрылымдары. Негізгі өндірістік және технологиялық процесстер. Кәсіпорын инфрақұрылымы. Кәсіпорын капиталы мен мүлігі. Негізгі және айналымдағы қаражат. Еңбек ресурстары. Нормалау және еңбек төлемі. Өндіріс шығындары және өнімнің шығу бағасы. Бағаның құрылуы. Бизнес-жоспар. Негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдісі.</p>	<p>Білімдер: - өндірістік және технологиялық процесстерді ұйымдастыруды; - саланың (кәсіпорынның) материалды-техникалық, еңбек және қаражат ресурстарын, оларды тиімді пайдалану көрсеткіштерін; - өнім бағасының жасалу механизмдерін, қазіргі кезең жағдайларындағы еңбек төлемінің формаларын; - бизнес-жоспарды дайындау әдістемесін.</p> <p>Іскерліктер: - кәсіпорын (участке) жұмысының негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін әдістеме бойынша есептеу.</p>	БҚ 5 - БҚ 8, КҚ 3.20. 1, КҚ 3.20. 4, КҚ 3.20. 8
БҰАП 00	Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер		
ӨО 00	Өндірістік оқыту		
ӨО 01	<p>Оқу-өндірістік шеберханалардағы практика. Металдарды слесарлық және механикалық өңдеудің негізгі процесстерімен және қолданылатын жабдықтармен, құрал-саймандармен, керек-жарақтармен танысу. Слесарь мен станокшының жұмыс орнын ұйымдастыру, еңбекті нормалау негіздері. Металдарды өңдеу бойынша</p>	<p>Іскерліктер: - машинажасау сызбаларын оқу; - нормативті-техникалық құжаттамамен жұмыс істеу.</p> <p>Дағдылар: - металдар мен материалдарды танып білу; - өлшеуіш құрал-саймандарын пайдалану; - бөлшектерді өңдеу бойынша технологиялық</p>	БҚ 5-БҚ 8, КҚ 3.20. 2, КҚ 3.20. 4, КҚ 3.20. 7

	тәжірибелік іс-әрекеттің қажетті ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.	процесс картасын құрастыру.	
ӨО 02	<p>Кәсіптік дағдыларды қалыптастыру бойынша практика.</p> <p>Пайдалы қазбаларды өндіру бойынша технологиялық кешендер секілді тіліктермен (карьерлермен). Тіліктердегі (карьерлердегі) қауіпсіздіктің жалпы Ережелерімен, тау-кен қазбалары бойының қозғалу ережелерімен. Геологиялық құрылыммен, кенорындарының гидрогеологиялық жағдайларымен және геологиялық жұмыстармен. Маркшейдерлік жұмыстармен, маркшейдерлік түсірілімді және нивелирлеуді орындаудың негізгі әдістерімен және тәртібімен. Тіліктердегі (карьерлердегі) қазып алу-тиеу жұмыстарымен. Орларды үңгілеу тәсілдерімен. Тіліктердің (карьерлердің) тау-кен жұмыстарының жоспарларымен. Пайдалы қазбалар кенорындарын ашық қазу жүйелерімен. Орларды үңгілеу кезіндегі бұрғыжарылыс жұмыстарымен танысу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚЕ талаптарын ұстану; - кеніштік көліктің бөлікшесіндегі қозғалысты ұйымдастыру ; - тау-кен қазбалары бойымен қозғалу; - электр тұтынушыларды қосу және ажырату. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - локомотивтер (электровоздар, турбовоздар, гировоздар, вагондар) типтерін айыра білу; - қайта тиеу орындарының конвейерлік тізбектерінде жұмыс істеу. 	<p>БҚ 5-БҚ 8, КҚ 3.20. 1, КҚ 3.20. 2, КҚ 3.20. 4- КҚ 3.20. 6</p>
КП 00	Кәсіптік практика		
		<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тау-кен жабдықтарының қызмет етуін тексеру; - нормативтік құжаттардың талаптарына тау-кен 	

КП 01

Кәсіптік дағдыларды қалыптастыру және бекіту бойынша практика

Тау-кен механикалық және электрлік жабдықтарын пайдалану барысында қауіпсіздік ережелерімен танысу. Кәсіпорындарға электр қуатын тарату және тарату бекеттері жабдықтарының схемаларын зерделеу. Төменгі вольтті және жоғары вольтті электр аппаратурасымен танысу. Тау-кен кәсіпорнындағы электржабдықтарды жерге қосу схемаларын зерделеу, тіліктің (карьердің) жалпы жерге қосылу желісімен танысу. Тұрақты жабдықтардың жұмысымен танысу. Желдеткіштік және компрессорлық, сутөккі қондырғылар.

жабдықтарының техникалық күйінің сәйкестігін анықтау;
- монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын орындау;
- қорғаныш және іске қосу аппаратурасын пайдалану ережелерін, жабдықтарды жарылыс және ұшқын қауіпсіздігіне тексеру ережелерін қолдану;
- кәсіпорындарға электр энергиясын тарату және тарату бекеттері жабдықтарының схемаларын оқу.

Дағдылар:

- тау-кен машиналары мен механизмдерін басқару;
- қондырғыларды жерге қосу;
- бекітпені орнату, рельс жолын төсеу, теспелерді бұрғылау бойынша операцияларды қауіпсіз орындау;
- монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын орындау;
- қорғаныш және іске қосу аппаратурасын пайдалану;
- тау-кен кәсіпорындарының тұрақты жабдықтарында, карьерлік көлікте, аздаған механикаландыруда жұмыс істеу.

БҚ 5- БҚ 8,
КҚ 3.20. 1-
КҚ 3.20. 9

Мамандықтың бейіні бойынша практика.

Карьерлік алқапты аршу және дайындау схемасы. Жаңа қабаттарды тілу. Кенорындарында қолданылатын қазу жүйелері. Аршу, өндіру, үйінділеу және бұрғыжарылыс бөлікшелері.

Іскерліктер:

- қорғаныш құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- экскаваторлар мен бұрғылау станоктары үшін ішексым тізбектерін төсеу;

КП 02

Кәсіпорынның жер бетілік технологиялық кешені. Пайдалы қазбаларды қазып алу технологиясы. Бұрғыжарылыс жұмыстарының төлқұжаты. Осы кәсіпорында қолданылатын жарылғыш заттардың типтері. Тау-кен жұмыстарын кешенді механикаландыру және автоматтандыру. Бөлікшедегі жұмыстарды ұйымдастыру. Тау-кен кәсіпорнында электр энергиясын өткізу және тарату. Жер бетілік қосалқы станциялар. Ішек сымдарды төсеу. Жылжымалы жинақтық трансформаторлық қосалқы станциялардың және бөлікшелік тарату бекеттерінің арналуы және орналастыру. Тіліктегі (карьердегі) жерге қосу туралы ұғым. Экскаваторларды, бұрғылау станоктарын, қайта тиегіштерді, үйінділеуіштерді, конвейерлерді коректендіру. Карьерлік көліктің түйіспелік желісі .

- электр жабдықтарын пайдалану;
- тоқтың қуатын, төменгі кернеулі ауыспалы және тұрақты тоқ тізбектеріндегі кернеулерді өлшеу;
- электр жабдықтары мен ішек сымдарды оқшаулау кедергісін өлшеу.

Дағдылар:

- тіреу оқшауларын, ажыратқыштарды, қайта қосқыштарды, сақтандырғыштарды, реостаттарды, трансформаторларды монтаждау және бөлшектеу;
- басқарудың электр схемаларындағы іске қосу мен тоқтату аппаратураларының ақауларын табу және жою немесе ауыстыру;
- іске қосуға электр қондырғыларын дайындау, олардың жұмыстарының қалыпты жағдайларын ұстану;
- нақты тау-кен геологиялық жағдайлар үшін жабдықтарды таңдау және пайдалануға дайындау.

БК 5 –
БК 8,
КҚ 3.20. 1-
КҚ 3.20. 9

Біліктілік практикасы.

Бекітілген жұмыс орнында қолданылатын керек-жарақтардың және құрал-саймандардың, машиналар мен механизмдердің құрылымы, қызмет ету принциптері және пайдаланылу ережелері. Тау-кен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және баптау. Механизмдер мен тау-кен машиналарын дистанциялық және

Іскерліктер:

- қажетті электр жабдықтарды таңдау және есептеу;
- электр жабдықтау объектілерінің баптауын орындау.

Дағдылар:

- электр қондырғыларына , қозғалтқыштарға,

КП 03	автоматты түрде басқару. Автоматтандыру құралдары. Автоматтандыру құралдарын монтаждау және баптау, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу. Тау-кен электр механикалық жабдықтарын пайдалану барысындағы ҚЕ. Ертеректе алған жұмысшы мамандығының біреуі бойынша бөлікшеде жұмыс істеу. Дағдылары мен ептіліктерін жетілдіру. Қызметтік нұсқаулықпен қарастырылған барлық өндірістік операцияларды орындау. Жұмыс орнында жұмыстың әдістері мен тәсілдерін рационалдау.	генераторларға, аккумуляторларға, қуатты қалқандарға, түзеткіштерге ағымдық қызмет көрсету; - бакылау және басқару жүйелерінің элементтеріне пайдаланушылық қызмет көрсету; - қуатты жоғарывольтті желілерді монтаждау және бөлшектеу; - тау-кен электр механикалық жабдықтары мен автоматты құрылғылар жұмысындағы олқылықтарды ескерту, табу және жою.	БҚ 5 – БҚ 8, КҚ 3.20. 1- КҚ 3.20. 9
-------	---	--	--

Ескерту:

Базалық құзыреттер 1 кесте

Құзыреттер коды	Базалық құзыреттер (БҚ)
БҚ 1	Өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну. Қазіргі әлем туралы ұғымға ие болу, қоғамда өзін және өз орнын жете түсіну.
БҚ 2	ҚР Конституциясының негіздерін білу, экологиялық, құқықтық, ақпараттық және коммуникациялық мәдениетке ие болу, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде қарапайым ептілікпен тілдесу.
БҚ 3	Тұрақты түрде жаңа білімдерді қалыптастыруға, кәсіби өсуге және жеке басының әлеуетін жүзеге асыруда қажеттілікке деген даярлығын білдіру.
БҚ 4	Қажетті ақпаратты іздестіруді жүзеге асыру және өзінің кәсіби іс-әрекетін іске асыру үшін оны пайдалана білу.
БҚ 5	Схемаларды және сызбаларды орындаудың тәжірибелік ептіліктері мен дағдыларына ие болу, техникалық құжаттаманы оқу, өлшеуіш құрал-саймандарды және аспаптарды пайдалану.
БҚ 6	Нәтиже сапасына жұмыс істеу, өз жұмысына, жабдықтарға, материалдар мен қорлардың шығынына жауапты болу.

БҚ 7	Технологиялық процестің бірізділігін ұстану, қойылған оқу және өндіріс міндеттерін орындау үшін барынша тиімді тәсілдер мен құралдарды таңдау.
БҚ 8	Өз денсаулығына жауапты болу, тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану.

Кәсіптік құзыреттер 2 кесте

ТжКБ деңгейі	Біліктілік	Кәсіптік құзыреттер (КҚ)
	070618 1 - Үйінді көпір машинисі	<p>КҚ 1.18.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 1.18.2 Аршу экскаваторларымен бірлесу жұмысы барысында үйінді көпір мен кен массасын тасымалдау, үйінділеу және забой жанында көпірді жылжыту механизмдерін басқару.</p> <p>КҚ 1.18.3 Экскаваторлардың және көпірді басқарушы пульттардың өзара іс-әрекеттерін қамтамасыз ету.</p> <p>КҚ 1.18.4 Үйіндіге топырақтың төселуін, трассаның және үйіндінің, жұмыс алаңының, көпір механизмдерінің жағдайын бақылау.</p> <p>КҚ 1.18.5 Тексеруші-өлшеуші аспаптардың көрсеткіштері арқылы үйінді көпірі жұмысын сынамалау және реттеу.</p> <p>КҚ 1.18.6 Берілген сұлба бойынша үйінді көпірін қозғау.</p> <p>КҚ 1.18.7 Ішек сымды аршуға, канаттарды, таспаны, шөміштің тістерін ауыстыруға қатысу.</p> <p>КҚ 1.18.8 Машинаны жерге қосуын және иілгіш ішек сымның жағдайын қадағалау.</p> <p>КҚ 1.18.9 Қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы ақауларды табу және жою.</p> <p>КҚ 1.18.10 Ағымдағы жөндеу жұмысын орындау және жөндеу жұмыстарының басқа түрлеріне қатысу.</p> <p>КҚ 1.18.11 Жөндеу жұмысынан кейін және ауысымды қабылдау мен тапсырудан кейін үйінді көпірді қабылдау және тексеру.</p>

Белгіленген деңгей
маманы

070623 1 - Қопарғыш

КҚ 1.18.12 Желдің тым жоғары жүктемесі кезінде үйінді көпірді жерге бекіту.

КҚ 1.18.13 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.

КҚ 1.23.1 Өз жұмыс орнын дайындау.

КҚ 1.23.2 Жарылғыш материалдарын жазғызу, қабылдап алу, тиеу, түсіру, базис және тарату қоймалардан жұмыс орындарына жеткізу, қалғандарын қоймаларға тапсыру.

КҚ 1.23.3 Жарылғыш материалдарының қолданысқа жарамдылығын анықтау, жарамсыздарды жою.

КҚ 1.23.4 Оталдырғыш окшандарды дайындау.

КҚ 1.23.5 Қауіпті аймаққа күзет қою.

КҚ 1.23.6 Теспелерді, ұңғымалар мен камераларды оқтау.

КҚ 1.23.7 Жарылыс желісін монтаждау, оның жарамдылығын тексеру.

КҚ 1.23.8 Ашық, жерасты кен және геофизикалық жұмыстары кезінде жарылыс жұмыстарын орындау.

КҚ 1.23.9 Жарылыс жұмыстарын жүргізу үрдісінде тағайындалған белгілерді беру.

КҚ 1.23.10 Жарылыс жұмыстары орындарын қарап шығу, жарылмаған октамдарды жою.

КҚ 1.23.11 Жарылыс жұмыстары журналын жүргізу.

КҚ 1.23.12 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.

Ескерту:

- сәйкес бағдарлама бойынша оқып білім алған, емтихандарды тапсырған және жарушының (жарушы-шебердің) Біріңғай кітапшасын алғандар, жарылыс жұмыстарын атқаруға жарушы (жарушы-шебер) ретінде жіберіледі;

- орта білімді, 22 жастан асқан, жерастында кем дегенде 2 жыл еңбек еткен уақыты (стажы) бар адам газ немесе шаң-тозаңның

		<p>жарылысы бойынша қауіпті көмір шахтасына жарушы (жарушы-шебер) мамандығы бойынша арнаулы оқуға жіберіледі; 20 жастан асқан, өз кәсіпорны жұмыстарының профилі бойынша кем дегенде 1 жыл еңбек еткен уақыты (стажы) бар адам басқа жарылыс жұмыстары бойынша арнаулы оқуға жіберіледі.</p>
	<p>070624 1 - Жарылғыш материалдарды үлестіруші</p>	<p>КҚ 1.24.1 Өз жұмыс орнын дайындау. КҚ 1.24.2 Жарылғыш материалдарын және жару құралдарын қабылдап алу, тапсыру, тиеу және түсіру, сонымен қатар оларды белгіленген жерге дейін апару. КҚ 1.24.3 Жарылғыш материалдарының және жару құралдарының жарамдылығын анықтау. КҚ 1.24.4 Оқшандар мен тұтатқы түтіктерді таңбалау, отпілтені дайындау және кесу. КҚ 1.24.5 Жарылғыш материалдарының кірісі мен шығысын есепке ала отырып жарылғыш материалдарын және жару құралдарын жарушыға беру, қалдықтарын қабылдап алу. КҚ 1.24.6 Жарамсыз жарылғыш материалдарын сынауда және жоюда қатысу. КҚ 1.24.7 Электрдүмпіткіштерді іріктеу. КҚ 1.24.8 Арғаналарға (гильзаларға) және түйдектерге гидроокшаулаушы құрамдарын сіндіру. КҚ 1.24.9 Жарылғыш материалдарының және жару құралдарының кезекті шығынын тексеру. КҚ 1.24.10 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
		<p>КҚ 1.25.1 Тапсырмаларды орындау үшін жұмыс орнын, кен машиналары мен жабдықтарды дайындау. КҚ 1.25.2 5 - разрядты машинист жетекшілігімен кен массасы</p>

070625 1 - Габаритті емес тау массаларын копару қондырғысының машинисі

шойтастарын бұзу қондырғысын басқару.

КҚ 1.25.3 Руданың шойтас кесектерінің және кен массасының бұзу процесін өнеркәсіптің жиілігі тоқтарымен немесе құлама жүктерімен жүргізу.

КҚ 1.25.4 Жерге қосылуды, электр ішек сымдарын қосып ажыратуды, электр желісіне жалғауды тексеру.

КҚ 1.25.5 Шойтастарды бұзу орындарын күзетпен қамтамасыз ету, белгілерді беру.

КҚ 1.25.6 Қызмет көрсетілетін жабдықтарды тексеру, тазалау, майлау.

КҚ 1.25.7 Кен массасы шойтастарын бұзу қондырғысын жөндеуге және жылжытуға қатысу

КҚ 1.25.8 Техникалық құжаттаманы жүргізу.

КҚ 1.25.9 Ауысымды қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, керек-жарақтарды, құрал-саймандарды жинау бойынша жұмыстарды орындау, оларды тиісті күйге келтіру.

КҚ 1.25.10 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.

070626 1 - Эскаваторлардағы, үйінді көпірлердегі және үйіндідегі кен жұмысшысы

КҚ 1.26.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.

КҚ 1.26.2 Эскаваторлардың, үйінді көпірлердің және үйінділеуіштердің жүріп тұруына жолдарды дайындау.

КҚ 1.26.3 Отынды, суды, майлау, жанармай, сүрту материалдарын жеткізу.

КҚ 1.26.4 Теміржол және автокөлік жолдарының габариттерін тазалау.

КҚ 1.26.5 Эскаватордың астын алдын - ала тазарту және табандықты төсеу.

КҚ 1.26.6 Ішек сымды барабанға орауға және оны жылжытуға қатысу.

КҚ 1.26.7 Кертпештердегі жоғарғы ернеулер қиябеттерін тазалау.

		<p>КҚ 1.26.8 Эскавациялау мен жарылыс жұмыстарынан кейін забой сызығын шабақтау.</p> <p>КҚ 1.26.9 Эскаватордың, үйінді көпірлердің және үйінділеуіштердің буындарын майлауға қатысу.</p> <p>КҚ 1.26.10 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
	<p>070603 2 - Бұрғылау қондырғысының машинисі</p>	<p>КҚ 2.3.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.3.2 Бұрғыларды, қашауларды және бұрғытәждерді таңдау, бұрғылау үрдісінде оларды ауыстыру, ұңғымаларды тазалау, сумен шаю, науашықтау.</p> <p>КҚ 2.3.3 Бұрғылау жабдықтарын монтаждау, бөлшектеу, жылжыту, орнату және реттеу.</p> <p>КҚ 2.3.4 Ұңғымаларды көміртектендіру, тығындау, шегенді құбырлармен бекіту, басқа да жұмыстарды орындау.</p> <p>КҚ 2.3.5 Өртүрлі бұрғылау станоктарын және қондырғыларын басқару, геологиялық жағдайларға, кез келген қиындықтарға, бұрғылау жабдықтары мен құрал-саймандар күй-жәйіне сәйкес бұрғылау процесін басқару.</p> <p>КҚ 2.3.6 Бұрғылау жабдықтарында орналасқан компрессорлерге қызмет көрсету, қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы ақауларды табу және жою.</p> <p>КҚ 2.3.7 Бұрғылау машиналары мен жабдықтарын ажырату, жабдықтарды келесі ауысымға тапсыру.</p> <p>КҚ 2.3.8 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
<p>Жоғары деңгей маманы</p>		<p>КҚ 2.5.1 Өндірістік нарядты орындау үшін өз жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.5.2 Өртүрлі қозғалтқыштар жетегімен қауіпсіз газдарда жұмыс істеу барысында және қысымы 1 МПа дейінгі қауіпті газдарда жұмыс істеу барысында қысымы 1 МПа немесе 1 МПа</p>

	<p>070605 2 - Сығымдағыш қондырғының машинисі</p>	<p>жоғары тұрақты сығымдағыштар мен турбосығымдағыштарға қызмет көрсету.</p> <p>КҚ 2.5.3 Айналымды сумен қамтамасыз ететін сорғы станцияларына, құрғатым (дренаж) сорғыларына, жоғары қысымды сорғыларға және сыйымдылығы 20 текше м дейінгі, қысыммен жұмыс істейтін, сауыттарға қызмет көрсету.</p> <p>КҚ 2.5.4 Сығымдағыштардың оңтайлы жұмыс режимін тағайындау және ұстану.</p> <p>КҚ 2.5.5 Қозғалтқыштардың, сығымдағыштардың, аспаптардың, көмекші жабдықтар мен механизмдердің жұмысын бақылау.</p> <p>КҚ 2.5.6 Сығымдағыш қондырғыларының жабдықтарын қарап шығуда, күрделі және ағымды жөндеуде және оларды пайдалануға қабылдау барысында жаттықтандырудан өткізуде қатысу.</p> <p>КҚ 2.5.7 Дымқылдан және майлардан ауаны тазарту, өңделген майларды жинау.</p> <p>КҚ 2.5.8 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
	<p>070606 2 - Вибротиеу қондырғысы машинисі</p>	<p>КҚ 2.6.1 Өндірістік нарядты орындау үшін өз жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.6.2 Кен массасын шығару мен жеткізуде, оны кенқұдыққа, кенқұдықтан вагонға және басқа да көлік құралдарына тиегенде вибротиеу қондырғысын басқару.</p> <p>КҚ 2.6.3 Кен массасын сулау.</p> <p>КҚ 2.6.4 Кептелімдерді жою.</p> <p>КҚ 2.6.5 Кен массасын тиеу барысында белгі беру.</p> <p>КҚ 2.6.6 Вибротиеу қондырғысын монтаждағанда, бөлшектегенде және оны жөндегенде қатысу.</p> <p>КҚ 2.6.7 Вибротиеу қондырғысы механизмдерінің жұмысын сынамалау және реттеу.</p> <p>КҚ 2.6.8 Вибротиеу қондырғысының механикалы және электрлі бөлімдерінің ақауларын жою.</p>

		<p>КҚ 2.6.9 Қашықтықтан басқаратын құралдардың көмегімен көлік сауыттарын жылжыту арқылы маневрлік жұмыстарды өндіру.</p> <p>КҚ 2.6.10 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
	<p>070608 2 - Ұсатқыш қондырғылары машинисі</p>	<p>КҚ 2.8.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.8.2 Ұсатқыштардың толтырылуын, сапасын және ұсату (ұнтақтау) дәрежесін бақылау.</p> <p>КҚ 2.8.3 Кен массасын ұсату (ұнтақтау) технологиялық процесін жүргізу.</p> <p>КҚ 2.8.4 Ұсату процесінің аяқталуын анықтау және сұрыптарына байланысты ұсатылған материалдарды жіктеу.</p> <p>КҚ 2.8.5 Ұсатылған өнімді түсіру және тасымалдау.</p> <p>КҚ 2.8.6 Жабдықтардың техникалық күй-жәйін бақылау.</p> <p>КҚ 2.8.7 Ұсатқыштарды, ұсатқыш агрегаттарды, ұсатқышты-іріктеуіш қондырғылардың барлық жүйесін жөндеуге қатысу және қызмет көрсету.</p> <p>КҚ 2.8.8 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p>
	<p>070610 2 - Қатар қалыптастырғыш машинаның машинисі</p>	<p>КҚ 2.10.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.10.2 Биіктігі бағдарламалау құрылғысымен берілген қаттамаларға (штабельдерге) шикізаттарды жылжыту мен қалау барысында қатар қалыптастырғыш машинасын басқару.</p> <p>КҚ 2.10.3 Керекті жұмыс режиміне машинаны баптау.</p> <p>КҚ 2.10.4 Бағдарламалау құрылғысының көмегімен машинаны автоматты жұмысқа ауыстыру.</p> <p>КҚ 2.10.5 Шикізаттың машинаға уақытылы берілуін және көмекші механизмдер мен агрегаттардың өзара жұмыс істеуін қадағалау.</p>

		<p>КҚ 2.10.6 Тексеруші-өлшеуші аппаратураның жұмысын бақылау .</p> <p>КҚ 2.10.7 Қатар калыптастырғыш машинасын майлау.</p> <p>КҚ 2.10.8 Қатар калыптастырғыш машинасының жұмысындағы ақауларды табу және ағымды жөндеу жұмысын орындау.</p> <p>КҚ 2.10.9 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану</p>
<p>0 7 0 6 1 7 2 -</p> <p>Электрослесарь-байланыстырушы</p>		<p>КҚ 2.17.1 Өндірістік нарядты орындау үшін жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау.</p> <p>КҚ 2.17.2 Электролиз астаулары шиналарын монтаждау және бөлшектеу.</p> <p>КҚ 2.17.3 Жұмыс істейтін электролиз астауларында шиналардың анодты және катодты түйісу беттерін тазалау.</p> <p>КҚ 2.17.4 Шиналар тізбегіндегі бөлек буындардың бөлшектерін ауыстыру.</p> <p>КҚ 2.17.5 Жаңа шиналарды жасау.</p> <p>КҚ 2.17.6 Шиналарды және шина түйдектерін жөндеу.</p> <p>КҚ 2.17.7 Оқшауларды ауыстыру.</p> <p>КҚ 2.17.8 Ванналарды қосу, қосалқы қосу, шунтталау.</p> <p>КҚ 2.17.9 Түйісу беттерінде кернеудің айырмашылығын тексеру.</p> <p>КҚ 2.17.10 Еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұстану.</p> <p>Ескерту: бұл мамандық түрлі – түсті металлургия мамандықтарына жататын жұмыс түрлерінен құрастырылып, кен орындарын ашық өндеуінде ерекше түрде болмайды. (БТЖА, 8 - Шығарылым).</p>
		<p>КҚ 3.20.1 Тау-кен кәсіпорнының өндірістік бөлікшесіндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру.</p> <p>КҚ 3.20.2 Белгіленген нарядтың орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>КҚ 3.20.3 Тау-кен жабдықтарын тандау және дұрыс пайдалану.</p>

Орта буын маманы	070620 3 - Техник-технолог	<p>КҚ 3.20.4 Аршу және өндіру жұмыстарын жүргізуге жобалық-металық құжаттаманы жасау.</p> <p>КҚ 3.20.5 Бұрғыжарылыс жұмыстарының төлқұжатын жасау және рәсімдеу.</p> <p>КҚ 3.20.6 Тау-кен және жару жұмыстарының дұрыс және қауіпсіз жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру.</p> <p>КҚ 3.20.7 Ақпараттық технологиялар көмегімен технологиялық есептерді шешу үшін бастапқы ақпаратты дайындау.</p> <p>КҚ 3.20.8 Іс-әрекетке жанасатын қолданыстағы нормативтік құжаттарды қолдану.</p> <p>КҚ 3.20.9 Еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғаныш нормаларын ұстану. Еңбектің қауіпсіз жағдайларына жауапты болу.</p>
------------------	----------------------------	---

жалғасы